

areas, they have often aroused further controversy. An alternative to economic valuation of risk is the precautionary principle, according to which we should avoid even a very small possibility of a very damaging outcome, especially when such an outcome may be irreversible. In such cases, a safe minimum standard of environmental protection may replace economic calculation.

Resuming this paper, we would like to present this information in order to pay attention to aspect of valuing of environment. It was given just what Jacobs Michael and Jonathan M. Harris thought about how environment could be assess for better protection. There are many others ideas and decisions of measuring of an impact of human`s activity and it is important to find out the best option for conditions of Kazakhstan.

References

1. Jacobs Michael The green economy : environment , sustainable development and the politics of the nature, 1991
2. Jonathan M. Harris Valuing the environment, 2002.

**Тусупбаева Б.С. аға оқытушы - (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Тілепалды А. Е. студент (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ЭНЕРГИЯНЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Энергия ресурстарын үнемдеу Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының ең өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі 2014 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес энергия үнемдеу саласында ішкі жалпы өнімнің энергия жұмсағыштығын 2015 жылға дейін кемінде 10%-ға және 2020 жылға дейін 25%-ға азайту міндеттеліп отыр. Сөйтіп, энергияны үнемдеу мемлекеттің стратегиялық міндеттеріне жатқызылып, сонымен қатар энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін негізгі әдіс саналады.

Мемлекет үшін Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттік пен оның аумақтық органдары атқаратын жұмыстардың стратегиялық маңызы зор. Департамент табиғи монополияның 43 субъектісінің қызметіне 59 реттелетін қызмет көрсету бойынша тарифтік және техникалық реттеу атқарымдарын жүзеге асырады. Оның ішінде облыстың аудандарында 17 коммуналдық кәсіпорын сумен жабдықтау, су бұру және жылумен жабдықтау нысандарын пайдаланады. Экономиканың белгіленген өрлеу қарқынын қамтамасыз ету және соған сәйкес азаматтардың өмір сапасын жақсарту үшін табиғи монополиялар субъектілерінен мемлекеттік тарифтік реттеу жүйесінің инфрақұрылым салаларын дамыту, реттелетін секторлардың инвестициялық тартымдылығын арттыру, тұтынушылар құқығын қорғау, энергия және ресурс үнемдеу міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін жағдай туғызу талап етіледі.

Тұтынушылар құқығын қорғау департамент қызметінің басым бағыты болып саналады. Агенттік пен оның аумақтық органдарының тұтынушыларды қорғау үшін алдына қойып отырған міндеттері – тұтынушыларды сапасыз қызмет көрсетуден, негізсіз тарифтерді көтеруден қорғау, табиғи монополия субъектілері тарапынан кіруді шектеу.

Тиімсіз пайдаланудан, шектен тыс тозудан және ұрлаудан нормадан артық ысыраптардың болуы бүгінгі күні кәсіпорындар қызметінің келеңсіз көрсеткіштерінің бірі саналады. Жылдар бойы қордаланған тозу сапалы қызмет көрсетуде негізгі келелі мәселе болып табылады. Сумен жабдықтау саласында бұл мәселені шешу бойынша жұмыс атқарылуда – кең көлемді жаңғырту және қайта жабдықтау бойынша суға тариф белгілеудің жаңа тетіктерін енгізудің 2013- 2015 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданып, іске асырылуда. 2020 жылға дейін тозуды 15%-ға, энергия тұтынуды 30%-ға азайту, ысырапты қысқарту, шығындарды үнемдеу және көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту кешенді жоспарды жүзеге асырудың нәтижесі болуға тиіс. Сондай-ақ, қарыз

қаражатын, ТКШ-ны жетілдіру бағдарламасының ресурстарын пайдалану арқылы жылу жүйелерін жетілдірудің кешенді жоспары жасалуда. Ол жоспар қолданылып, жүзеге асырылған жағдайда 2020 жылдарға дейін тозу 15%-ға дейін, ал ысырап деңгейі 4%-дай төмендейді деп жоспарлануда.

Заңнамалық нормаларды пайдалана отырып, біз тасымалдау желісіндегі нормадан артық ысыраптарды толығымен жоямыз деп жоспарлап отырмыз.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша электрмен, жылумен және сумен жабдықтау желісіндегі нормативті ысыраптардың деңгейі жыл сайын төмендеп келе жатқандығы байқалады. Бұл бағыттағы жұмыс ысырап деңгейі ең төменгі шегіне жеткенге дейін жалғасады. Өйткені, ысырапты төмендету ақшалай санағанда, жүздеген миллионға жететін кәсіпорын шығынын азайту ғана емес, ол кәсіпорынның қолданыстағы активтерін жаңартуға, кеңейтуге және көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға жұмсауға тиіс қосымша пайда табу көзі болып табылады.

Энергияны және ресурстарды үнемдеу бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, энергия ресурстарын және тұтынушылар қаражатын үнемдеуге негізделген электр қуатына (тәулік зонасы және тұтыну көлемі бойынша) және суға сараланған тарифтер енгізілді. Сараланған тарифтер әдісін енгізу Қарағанды облысында 2009 жылы басталды. Сонымен облыста электр қуатына күндізгі және түнгі тарифтер қолдану мүмкіндігі 2009 жылдың наурызында қамтамасыз етілді. Бұл ретте түнгі тарифтер деңгейі орташа тариф деңгейінен 2-3 есе төмен. Жеке тұлғалар үшін тұтыну көлемдеріне қарай электр қуатына сараланған тарифтер Қарағанды облысында 2009 жылғы 1 желтоқсанда енгізілді. Бұл ретте асыра пайдаланғаны үшін ең жоғары тариф бойынша ақы алынатын электр қуаты көлемі, электр плиталары бар тұтынушыларға – айына бір адам басына шаққанда 90 кВт/сағ., электр плиталары жоқтарға айына 1 адам басына шаққанда 70 кВт/сағ. болып белгіленді. Сонымен қатар, департамент пен облыс әкімдігінің бірлескен әрекеті нәтижесінде электр энергиясының сараланған тарифтері ережесіне сәйкес электр плиталарын пайдаланатын және электр плиталарын пайдаланбайтын жасы бойынша жалғызбасты зейнеткерлерге, мүгедектерге, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілген жеке тұлғаларға асыра пайдаланғаны үшін ең жоғары тариф бойынша ақы алынатын электр энергиясын тұтынудың шамасын 1 адам басына шаққанда айына сәйкес түрде 120 кВт/сағ. және 100 кВт/сағ. мөлшерінде белгілеп, 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолдана бастады.

Сол сияқты департамент үшінші деңгейдегі тариф бойынша артық пайдаланғаны үшін ақы алынатын электр қуатының тұтыну көлемін енгізді. Сумен жабдықтау және кәріз қызметіне сараланған тарифтерді қолдануды да департамент бір мезгілде жүзеге асырды.

Сараланған тарифтерді енгізу нәтижесі энергия ресурстарын үнемдеу, есепке алу аспаптарын орнатуды ынталандыру, тұтынушыларға тарифтік жоспарды таңдау мүмкіндігін беру болып табылады. Бұдан басқа, энергия үнемдеуге ынталандыру үшін табиғи монополия субъектілері үйге жылу мен судың жеке және ортақ есепке алу аспаптарын орнатуына бақылау жасау жұмысы жалғасуда. Соңғы жалдары департамент басқа да мүдделі органдармен бірге тұрғындарға есептегіш құралдарды орнатудың қажеттілігі және пайдалы екендігі жайлы жүйелі түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, көптеген бұқаралық іс-шаралар өткізді, материалдар жариялады.

Қазіргі уақытта Қарағанды қаласы бойынша суық суды есептейтін жеке есептегіш құралдармен жабдықтау 94%-ды құрайды (қажеттісі 53737 дана болса, орнатылғаны – 50319 дана), ыстық судікі – 93 % (қажеттісі 52204 дана болса, орнатылғаны – 48753 дана), жалпыүйлік жылу қуатын есептеу құралы бойынша – 34,4% (қажеттісі 825 дана болса, орнатылғаны – 284 дана). Бұл ретте жалпыүйлік және жеке есептеу құралдарын қолдану арқылы жылу қуаты мен суды нақты тұтыну бойынша экономикалық тиімділік байқалады. 2013-2014 жылдардағы жылыту кезеңінің нәтижесі бойынша, жылуға 1 шаршы метр үшін – 87,41 теңге, ыстық суға 1 адамға айына 466,19 теңге, жылу есептегіш құралдары

орнатылған көпқабатты үйлер бойынша жылуға орташа тариф 1 шаршы метр үшін 62,99 теңгені, ыстық суға адам басына 453,42 теңгені құрады, яғни бұл үйлердің нақты көрсеткіштері бекітілген тарифке қарағанда едәуір төмен. Тәжірибе көрсеткендей, реттелетін қызметтерге төлемді есептеу құралдарының көрсеткіштері бойынша төлеу ең алдымен тұтынушыға пайдалы.

Тұтынушылар нарық қыспағында энергия ресурстарын үнемдеу мен қаражат ысырабын төмендетудің бірінші қадамы дәл есепке алу екенін түсінуде.

Осы мақсатта энергияны үнемдеу аясында электр қуатын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін (ЭКЕАЖ) енгізу жұмысы жалғасуда. Алдағы уақытта да энергия үнемдеуге байланысты шаралар кәсіпорынның инвестициялық бағдарламасының басым бағыты болып қалады.

Әдебиеттер

1. «Энергия үнемдеу -2020» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды (27 08 13) // <https://kaztube.kz/video/92021>
2. Ю.В. Копытов «Экономия энергии в промышленности: Справочное пособие для инженерно-технических работников» -М.: Энергоатомиздат, 1983. - б 208.
3. О.Л. Данилова «Энергосбережение в теплоэнергетике и теплотехнологиях» -М., «МЭИ», -б. 188.

**Рахимжанова Т.К., э.ғ.м., аға оқытушы
(академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстан Республикасында бүгінгі таңда лизинг кәсіпорынның инвестициялық қажеттілігін қанағаттандыру үшін қаржының қайнар көзіне толықтыру болып табылады. Шаруашылық тәжірибеде лизингті қолдану инвестициялық процесті белсендендіруге мүмкіндік береді, лизинг алушының қаржылық жағдайын жақсартады, бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Лизинг халықаралық деңгейде әлемдік тәжірибедегі ғылыми-техникалық прогрестің маңызды факторларының бірі болып табылады. Лизинг әр түрлі елдерде экономикалық өсу кезінде ғана емес, сондай ақ экономикалық құлдырау кезінде де технология мен алдыңғы қатарлы техникаға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл прогрессивті әдіс өндірісті материалды-техникалық қамтамасыз ету нормативті реттеу мен тиісті енгізу, тек қана қазақстандық нарықта ғана емес, шетел мемлекеттерінің алдыңғы қатарлы техника және технологиямен қамтамасыз етуге қабілетті. Осылайша, халықаралық лизинг арнасын қолдану ішкі және сыртқы нарықта қиындататын бәсекелестік жағдайында жеке бизнесті бекітудің күшті факторына айналады. Одан өзге, лизинг техниканың моральды ескіруі факторын ұзартуға жетелейді, қажетті жағдайда, белгілі бір қолдану уақытынан кейін салытырмалы жақсы сату немесе оны басқа тұтынушыға беру.

Қазақстанда лизинг нарығын дамыту қолға алынған. Бұл нарықтың даму ерекшеліктері де бар. Бірақ бүгінгі таңда әр түрлі факторларға байланысты мәселелер де жоқ емес.

Қорландырудың бұрыннан бар мәселелеріне соңғы жылдағы ұлттық валютаның девальвациясы қосылды. Сәйкесінше, лизинг нысанының қымбаттауы мен сұраныстың төмендеуі, лизинг алушылардың төлемқабілеттіліктерінің төмендеуі, соңынан лизингтік портфельдің сапасының төмендеу тәуекелі қосылды.

2015 жылы лизингге берілетін құрал-жабдықтардың үлесіндегі алдыңғы қатарда тұратын ауыл шаруашылық техникалары 61,1%-дан 41,7%-ға дейін азайып кеткен. Керісінше, темір жол техникасы нарық көрсеткішінің жоғары дәрежесін көрсетті. Бұл - ірі көлемде жасалған ауқымды мәміле негізінде белгілі бір кезеңде көрініп қалатын сегмент.